университеті
Алматы қ., Қазақстан

مفهوم «الضمير» عند شاه كاريم قوديبردي أولي ومكانتها في علم دراسات الأديان

سيرير жанар

الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية نور مبارك
الماتي، كازاخستان

سليمانوف بيريمبيك

دكتور في العلوم السياسية، أستاذ مشارك
جامعة الفارابي الكازاخية الوطنية
الماتي، كازاخستان

SHAKARIM KUDAIBERDIULY'S CONCEPT «DOCTRINE OF CONSCIENCE» AND ITS PLACE IN THE SCIENCE OF RELIGIOUS STUDIES

Serir Zhanar

Egyptian University of Islamic Culture
Nur-Mubarak
Almaty, Kazakhstan

Suleymenov P.M.

candidate of political sciences, associate
professor
Al-Farabi Kazakh National University
Almaty, Kazakhstan

КОНЦЕПЦИЯ «УЧЕНИЯ СОВЕСТИ» ШАКАРИМА КУДАЙБЕРДИУЛЫ И ЕЕ МЕСТО В НАУКЕ О РЕЛИГИИ

Серик Жанар

Египетский университет исламской
культуры Нур-Мубарак
г. Алматы, Казахстан

Сүлейменов П.М.

Кандидат политический наук, доцент
КазНУ им. Аль-Фараби
г. Алматы, Казахстан

Андатпа. Мақалада Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығының басты тақырыбы – «Ар ілімі» концепциясына көңіл бөлінеді. Жұмыстың мақсаты – Ар ілімін дінтану тұрғысынан талдап, оның қалыптасуы мен көріну формаларын және дінтану ғылымындағы алар орны мен діннің ар ілімін қалыптастырудағы маңызды қырларын қарастыру. Сонымен қатар ислам ойшылы болғанына қарамастан Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығы мен қызметі шығыс пен батыс, ислам мен христиан арасындағы мәдениетаралық пен діни және рухани келісімнің жақсы үлгісі бола алатындығы, сондай-ақ Шәкәрім үшін ар ілімінің бүкіл адамзат үшін ең басты ғылым болуының себебі түсіндіріледі. Ар ілімінің осындай маңызын ескере отырып, оның бүгінгі таңдағы діни жаңару мен дінаралық диалогтарға байланысты әр қоғам мүшесінің рухани таным түсінігін дұрыс қалыптастыру мен өркениетті адам қалыптастырудағы рөлі анықталады.

Түйін сөздер: Ар ілімі, ұждан, құдай, дін, жан, жүрек, ғылым, діни жаһандану, ислам, христиан.

المخلص: في هذا المقال يتم تحليل مفهوم «الضمير» الذي كان الموضوع الرئيس لأعمال شاخكاريم قويديريدي أولي من الناحية الدينية، وأشكال تكوينه وتجلياته، ومكانته في علم الدين، وأهم جوانبه. ويعتبر الدين في تكوين عقيدة الضمير. على الرغم من أن شاكاريم كويديريدي مفسر إسلامي، فإن عمله ونشاطه يمكن أن يكون مثلاً جيداً للتناغم الثقافي والديني والروحي بين الشرق والغرب، والإسلام والمسيحية، كما يوضح لشاكاريم سبب «عقيدة الضمير». «هو أهم علم للبشرية جمعاء. وبالنظر إلى أهمية عقيدة الضمير، يتم تحديد دورها في التكوين الصحيح للمعرفة الروحية لكل فرد في المجتمع وتكوين شخصية متحضرة فيما يتعلق بالتجديد الديني الحديث والحوار بين الأديان.

الكلمات المفتاحية: الضمير، الله، الدين، النفس، القلب، العلم، العولمة الدينية، الإسلام، المسيحية.

Abstract. In this article, the concept of “The doctrine of conscience”, which was the main theme of Shakarim Kudaiberdiuly’s work, is analyzed in religious terms, forms of its formation and manifestation, its place in Religious Science and the most important aspects of religion in the formation of the doctrine of conscience are considered. Despite the fact that Shakarim Kudai-berdiuly is an Islamic thinker, his work and activity can be a good example of intercultural and religious and spiritual harmony between East and west, Islam and Christianity, as well as explain for Shakarim the reason why “the doctrine of conscience” is the most important science for all mankind. Considering the importance of the doctrine of conscience, its role in the correct formation of the spiritual knowledge of each member of society and the formation of a civilized personality in connection with modern religious renewal and interreligious dialogue is determined.

Keywords: The doctrine of conscience, God, religion, soul, heart, science, religious globalization, Islam, Christian.

Аннотация. В данной статье основное внимание уделяется концепции «Учение совести», которая была основной темой творчества Шакарима Кудайбердиулы. Цель работы это проанализировать науку о совести с точки зрения религиоведения, где будут рассмотрены формы ее формирования и проявления, ее место в религиоведении и значение религии в становлении «учения о совести». Кроме того, несмотря на то, что Шакарим Кудайбердиулы был исламским мыслителем, его творчество и деятельность могут стать хорошим примером межкультурной, религиозной и духовной гармонии между Востоком и Западом, исламом и христианством, а также причиной того, почему учение о совести является самой важной наукой для всего человечества согласно Шакариму.

Учитывая важность учения о совести, определяется его роль в правильном формировании духовных знаний каждого члена общества и формировании цивилизованной личности в связи с современным религиозным обновлением и межрелигиозным диалогом.

Ключевые слова: Учение о совести, бог, религия, душа, сердце, наука, религиозная глобализация, ислам, христиан.

КІРІСПЕ

Көп адам ар-ұждан туралы толық білетініне сенімді және оны моральдық-этикалық құбылыс ретінде қарастырады. Ал біздің кейіпкеріміз оны барша адамзаттың алдында меңгеруі міндетті болған ең басты ғылым, сондай-ақ құдайға қатысты ең маңызды философиялық және теологиялық категория ретінде қарастырады. Ар ілімі қалыптасуының генезистік сипаттамаларына қарайтын болсақ философтардың пікірі екіге бөлінетінін байқаймыз. Алғашқылары арды адамға табиғатынан тән құбылыс деп қарастырса, ал екіншілері туа біткен ар деген адамда бар екеніне күмән келтіреді немесе туа біткен емес дейді. Шәкәрім өзінің «Үш анық» деп аталатын философиялық трактатында ұждан дегеннің не, оны адам бойында істетіп отырған қандай күш екендігі туралы сұрақ қойып, соған жауап іздейді. Ол ұжданды жанның тілегі, ал жан ұжданның мекені және ұждан адамның дүние ісіне ғана емес ақыретіне де қажетті жоғалмайтын құнды құбылыс деп көрсетеді (Құдайбердіұлы, 2018: 31). Демек, Шәкәрім бойынша да ар адам табиғатына тән құбылыс деп түсінеміз, дегенмен көптеген зерттеулер оның адамда бұрыннан бар екенін айтса да адамға қалай келетінін әлі де ашық сұрақ күйінде қалдырады. Біз Шәкәрім мұраларын оқи отырып, бір ғана «Үш анықта» емес поэзиялық тілде жазылған көптеген шығармасынан ар ілімі туралы айтқанын кездестіреміз. Мақаламыздың мақсаты Шәкәрімге әрі оның осы «Ар ілімі» концепциясына дінтанулық тұрғы-

да қарау болғандықтан тек ислам теологиясы тұрғысынан емес жалпы діни және рухани жағынан ашуға тырысатын боламыз.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу

Бұл мақалада біз Шәкәрім шығармашылығының өзекті тақырыбы – «Ар ілімі» концепциясына дінтанулық тұрғыда талдау жасап, оның дінтану ғылымындағы орнын анықтайтын боламыз. Бұған себеп, біріншіден, Шәкәрім шығармашылығы осыған дейін тарих, философия, әдебиеттану, әлеуметтану, исламтану сияқты салаларда зерттелсе де дінтанулық тұрғыда тек осылардың аясында немесе бір тақырыбы ретінде ғана қаралып келгені. Бұған дәлел – Гауһар Зұлпықарқызы Әбдірасылова (Әбдірасылова, 1998), Априза Айтбаева (Айтбаева, 1997), Бақытжан Қадырұлы Рақымжанов (Рақымжанов, 2005), Ерзат Жетібайұлы Жетібаев (Жетібаев, 2009) сияқты авторлардың Ш.Құдайбердіұлының шығармашылығын діни-моральдық және дүниетанымдық, діни тарихи әрі философиялық тұрғыда талдап, оның ойлау мәдениеті мен дүниетанымдық көзқарастарының қалыптасу алғы шарт-тары туралы жазған ғылыми еңбектері. «Ар ілімі» концепциясы көбіне дін философиясы немесе діни моральдық құрылым ретінде қаралды. Ал оны діни феномен ретінде алып, оның жалпы діни диалогпен рухани келісімдегі маңызы мен дінтану ғылымындағы орнын анықтаған еңбектердің аз кездесуі осы тақырыпты таңдауға себеп болды.

Шәкәрім өзі ислам ойшылы болғанымен оның зерттеулерінің басты мақсаты жалпы адамзаттың игілігі, бақыты үшін еді. Ол ешбір адамды дініне, тіліне, нәсіліне қарай бөліп жармады, оған адамның сыртқы факторларынан гөрі ішкі рухани әлемі маңызды болды. Сондықтан да ол ар-ұжданды жалпыға ортақ адамгершілік заңы дейді.

Ар ілімі – Шәкәрімге дейін де, кейін де әртүрлі бағытта зерттелген ғылым. Иерей Стефан Домусчи өзінің «Феномен совести в православном богословии и русской религиозно-философской традиции» деп аталатын ғылыми зерттеу жұмысында ар ілімінің алғаш А.С. Пушкин, Н.В. Гоголь, Ф.М. Достоевский сияқты орыс жазушылары тарапынан моральдық мазмұн ретінде қаралғанын, ал философия саласында ар-ұждан туралы бірінші айтқан В.С. Соловев болса, XX ғасырда ар-ұждан туралы жазған Н.А. Бердяев, И.А. Ильин және С.Л. Фрэнк болғанын, онда ар ілімінің этикалық мазмұны зерттеліп, қызмет ету механизмі ашылатындығын айтады. Кейіннен христиандық теологияда ар ілімі феномен ретінде қарастырылып, оның әртүрлі күйі, адамның рухани әлеміндегі орны, діни сенім және құлшылықпен байланысы зерттелді (Иерей, 2012: 5-6). Демек, Шәкәрім бұл ілімді жайдан-жай жаза салмады, үлкен ізденісі және өзі айтқандай сау ақылымен ғылымдағы салмағын саралап, бүкіл адамзатқа керекті ауқымы кең ғылым екенін білгесін бөлісті. Сонымен қатар айта кету керек, ислам теологиясында бұл білімді тереңірек зерттегенде және оны ұсынғанда осы автор деп айтуға әбден болады. Шәкәрім бойынша арды адам бойында істетіп отырған жасырын күш – жаратушы, яғни ар адам бойындағы құдайдың дауысы және бұл – әрбір адамның жүрегіне жазылған заңдылық,

сондықтан да оның орнын жүрек дейді. Бірақ адам күнә мен құмарлықтың көлеңкесінде қалғанда бұл дауысты ести алмайды. Ал исламда да, христиандықта да айтылатын құдай соты адамның сеніміне ғана байланысты емес, ар-ұжданына да қарап соттайды.

Михаил Лермонтовтың: «Адам ісіне құдаймен бірге төреші бір нәрсе бар, ол – ар», – деп айтуының себебі де осы шығар. Жазушы Ғарифолла Есім өзінің «Адамзат» деп аталатын көлемді еңбегінде ар адамға ғана тән нәрсе ме және ол барлық адамда бола ма, ар адам ісінің төрешісі болса құдаймен теңесетіндей қандай құдіреті бар, егер ар барлық адамда болмаса онда оларсыз адамның дінсіз болғаны ма деген сияқты көптеген ойлануға тұрарлық сұрақтар қозғайды. Сондай-ақ мәселенің шешімі қиын болғандықтан Шәкәрімнің ар білімі деген арнайы білім жүйесі болуы керек екенін айтқанын келтіреді, ең маңыздысы автор өзінің өмірде арсыз адам жоқ деген тезисін айтады (Ғарифолла, 2008: 68-69). Осындай көптеген құнды зерттеу бізді адамда ар-ұжданның болуын адамның тәрбиесінің немесе физикалық инстинктерінің жемісі емес, ең жоғары, түсініксіз бастауы бар ұғым екеніне сендіреді. Адамда армен қоса ақыл, ерік, сезім, нәпсі деген нәрсе бар, мүмкін адамның арлы, не арсыз болуы осылардың да ықпалынан шығар, әйтпесе әу баста адам таза күйінде туылмай ма, ардың орны жүрек болса ешбір жүрек кір күйінде келмейді ғой. Біреулер зұлымдық істеген адамды арсыз деп айтуы мүмкін, бірақ біз қандай зұлымдық болсын оның соңы, шешімі бар екеніне сенеміз және бізге сол сенімді беріп тұрған осы ар емес пе?! Осыған байланысты христиандық теологияда да Шәкәрім ойына ұқсас көп адам үшін құдайдың бар екендігі мен жанның өлмейтіндігінің пайдасына ең

сенімді дәлел ретінде адамның бойын-
дағы ар-ожданды айтады.

Ғарифолла Есім өзінің ар білімі ту-
ралы зерттеулерінде ардың таза күйінде
кездес-пейтінін, оның көріну форма-
ларының болатындығын айтады. Яғни
ұят, намыс, ождан, ғашықтық, достық,
жомарттық, ізгілік, парасаттылық, да-
налық, талаптылық, т.б. Сондай-ақ ар
білімінің тек арлылықтан тұрмайтын-
дығын, ондай болған жағдайда оның
толық ар білімі жүйесі болып қалып-
таспайтындығын, сондықтан ар білімі
арсыздықты да, оның қоғамдағы көрініс-
терін де мұқият зерттеуі керек екенді-
гін ескертеді (Ғарифолла, 2008: 71-75).
Қарап отырсақ өмірде ары жоқ адам
болмайды, ар – барлық адамға берілетін
ортақ құнды қасиет. Дін адамның осы
мүмкіншілігін ала отырып, құдайы ал-
дында жаратылуы жағынан барлық
адам тең деп есептейді. Бұл исламда да,
христиандықта да солай. Орыс теологы
әрі жазушы Епископ Александр өзінің
бір жазбасында таза ар-ұждан арқылы
адамның ойын, сөзін, іс-әрекетін басқа-
ратын құдайдың нұры әрекет ете бастай-
тындығын және бұл нұр арқылы адам
құдайдың берген нығметінің құралы-
на айналатындығын, сол арқылы өзін
құтқарып, рухани жағынан жетілдіріп
қана қоймай, сонымен бірге онымен
қарым-қатынас жасайтын адамдардың
құтқарылуына ықпал ететіндігін айта-
ды (Александр). Ар – адамдық сананың
негізі, оны Шәкәрім: «Ар түзер адамның
адамдық санасын», – деп келтіреді. Енді
ардың көріну формаларына қайта ора-
латын болсақ, психологияда ар-ұждан
санасы деген бар екен, яғни түзетуші,
ынталандырушы, тыйым салу, бағалау
сияқты көріну формалары арқылы қыз-
мет атқарады. Бұл салада ар-ұждан ту-
ралы Зигмунд Фрейд көп зерттесе керек.

Әрине, ғылым ретінде біз оны жоққа
шығара алмаймыз әрі белгілі деңгейде
ақылға да қонымды. Дегенмен Шәкәрім
шығармашылығында ар – психиканың
емес, сананың атрибуты, адамның ішкі
цензурасы және біз осыған келісеміз.
Тағы бір маңызды мәселе «Адам-зат»
еңбегінде автор ар білімін ашу мақса-
тында пысықтық және надандық деп
арсыздықтың екі түрін айырады. Мұнда
пысықтықты әр нәрсені тек өз пайдасына
жасап қалғысы келетін адамдарға қарата
айтса, надандықты тума қасиет деп са-
найды. Пысық адам ақылын арсыздыққа
сатса, надан адам ақылсыздығынан ар-
сыздыққа барғанын білмеуі мүмкін. Әрі
екеуі де – адамды арсыздыққа апарар
жол. Біріншісінен ақылдың арсыздыққа
тосқауыл бола алмайтындығын көрсек,
екіншіден, надандықтың арсыздыққа
апаратын көп түрлі көпірі екенін көреміз.
Демек, арсыздық ардың жоқтығы емес,
оның аздығы немесе көлеңкеленуі деп
айтсақ дұрыс болар. Арды әуел бастан
адамда бар құбылыс дедік, енді осы арды
жоғалтпай сақтаудың немесе арсыздыққа
апармаудың жолы бар ма?

Шәкәрімнің «Үш анығын» оқып оты-
рып мынадай ой келеді, таза дене мен то-
лық мінезді кісіге ой ісі керек және соның
ең қатты керегі ұждан екен, ал жоғары-
дағы айтқанымыздай аты мен абыройын
ойлайтын пысықтар ой ісін, яғни ұждан-
ды қажет етпесе керек немесе ұжданның
мекені жанның ешқашан жоқ болмайтын
мәңгілік екенін, ал ұжданның осы жан-
ның мәңгілік азығы екенін ұмыт қалдырса
керек. Сондықтан да Шәкәрім ар-ұждан-
ның осы түпкі мәнін түсініп-ұқпайынша
адамның жүрегін ешбір ғылым, өнер не-
месе заң тазарта алмайтындығын және
ондай адамда ұжданның тек қана көрінісі
болатындығын айтқан. Демек, Шәкәрім
тұжырымы бойынша, арды сақтаудың

амалы – жүректі күнә мен кірден таза сақтау, арға көлеңкесін түсіретін іс жасамау. Сөйтеді де арды нысап, әділет, мейірім дейді Шәкәрім. Ал Ғарифолла Есім ұжданды ұят, намыс, ар деп айтады (Ғарифолла, 2008: 78). Демек, осы ізгі қасиеттер жиналып, ар жүйесін құрады немесе арды арсыздықтан сақтайды. Христиандық теология бойынша да адамның ар-ұжданын сақтауға немесе толығымен тазартуға мүмкіндік беріледі. Ол мүмкіндік өз өмірін жақсы жаққа өзгертуге шын ниетпен құдайдың мейірімі алдында күнәларды өкінішпен жоюдан тұрады. Исламдық теология бойынша да өз күнә қатесін танып, ол үшін шынайы кешірім тілеген әр пенде құдайы алдында кешіріледі емес пе. Тағы да христиандық теология бойынша «Жүрегі тазалар бақытты, өйткені олар құдайды көреді», – деп келеді екен (Рахымжанов, 2005).

Арды сақтап, жетілдіріп, өсіре білу де немесе керісінше құртып, жоғалту да – адамның өзіне қатысты мәселе. Ислам діни түсінігі бойынша да құдай адамға таңдау еркіндігін бергендігі туралы, адамның еркінсіз оны теріс жолға салып, артынан жазалау құдайдың сипаты еместігі, сондықтан да адамға басқа тіршілік иелеріне берілмеген ақыл-сана сезімін бергендігі туралы жиі айтылады. Жалпы адамның ақылы шын мәнінде өзінің жаратылысы туралы ойламай тұра алмайды. Және адам баласы жаңалық бір нәрсе көре қалса, оны кім жасады екен әрі не үшін керек демей тұра алмайды. Сондықтан жаратушыны іздеген әркім әртүрлі ой жүргізеді. Ал мұндай ой жүргізу – әрбір адамға керек нәрсе, өз ұстанайын деп жатқан діні мен алайын деп жатқан біліміне сыни көзбен қарап, ақылына айқын бола бастағанын шындыққа сүйене отырып таңдау арлы адамның ісі болмақ, айтпегенде кім не десе соған сеніп неме-

се ескі әдет-ғұрып пен жалған сенімнен ұзап шыға алмай сандалып, ақылын қорқылып жүрмек.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Мақала Ш. Құдайбердіұлының бірегей философиялық трактаты – «Үш анық» еңбегіндегі үшінші анық болып есептелетін ар ілімінің дінтану ғылымындағы орнын саралау, маңызын дәйектеу, тұжырымдау. Сондай-ақ таным теориясы мен бақылау әдістері арқылы оның дінаралық маңызын нақтылау сияқты әдістер қолданылды.

Зерттеу нәтижелері мен талқылама

Арды сақтау адамның өзіне тиесілі дедік, бірақ ақыл арды сақтаудың кепілі де емес дедік. Бұған тарихта өткен ақылды әрі жауыз қолбасшыларды, адамзатқа ауыр қайғы әкелетін атомдар туралы айта аламыз. Шәкәрім бұл туралы үш анығында әлемнің түрлі білімі мен ғалымдары туралы, олардың адамзат үшін жасаған «жақсылығы» туралы айтады. «Адам атаулының бәрін бір бауырдай етіп, екі өмірде де жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол осы мұсылман жолы секілді. Кейбір діншілерді қорлыққа түсіретін шатақ дін – жалқаулық. Әйтпесе адамды жаратушы – нақты білімпаз. Адам жаны өлгеннен соң да ұжданды болып, еш нәрседен кемдік көрмейді» (Құдайбердіұлы, 2018: 36). Оның айтып отырған мұсылманшылық жолы адамның таза ақылымен тапқан шынайы діні емес пе? Демек, ар тазалығын таза дін сақтайды. Енді осы жерден діннің ар білімін қалыптастырудағы, сақтаудағы орны, рөлі қандай деген сұрақ туындайды. Шәкәрім шығармашылығында кездесетін ұждан ұғымы – осы біз айтып отырған ар білімі. Сондықтан да біз кейде ұждан, кейде ар деп алдық. Алатын мәні бір.

Мырзакелді Кемел ар білімінің алатын ауқымы кең екенін, оның білім шеңберінен шығып ғылым, таным, дін түсінігімен астасатындығын, сондықтан да ар ілімі деп атауды жөн көргендіктерін айтады (Кемел, 2010: 108). Яғни ілім дегенде дін ілімінің де ар ілімін қалыптастыруда өзіндік орны бар екенін көрсетеді. «Дін – ғылым мен білімнің анасы», – деген Шәкәрім. Дінсіз адамның арды аттауы оңай сияқты, себебі дінсіз адамда құдайдан қорқу, ұялу деген сезімдер де болмайды. Дінтану ғылымы саласында өзінің құнды көзқарасын бөлісіп жүрген Досай Кенжетайұлы ар білімін діннің негізі деп көрсетеді. Қандай да бір моральдық кодекстің негізін діннен бөліп алып қоғам немесе жалаң ғылым деу дұрыс емес сияқты. Қоғам болсын, әлемдік өркениет болсын ешқашан адамсыз, оның сенімінсіз болмайды. Ресей ғылым академиясының философия институты 2010 жылы «Діннен тәуелсіз имандылық мүмкін бе» деген тақырыпта философиялық эсселер байқауын өткізген екен. Онда діннің адам сана құрылымындағы қызметі талданады. Дін адамға тек қана құдайдан қорқу сезімін береді десек қателесеміз және бұл жердегі қорқудың өзі құрметтен, сүйіспеншіліктен туатын сияқты. Адамды үлкен мақсатта махаббатпен жаратты, жаратылу жөні де өзге жаратылыстан бөлек бола тұра санасы соны танымай, арынан аттап, адасып кетуден ұялатындығынан қорықса керек. Әйтпесе құр қорқу құдайға да, пендеге де не пайда әкелсін. Діннің ар сақтаудағы ең басты маңызы да осы болса керек. Дін адамға мен кімін, қайдан келдім, қайда барам деген сұрақ туындатады. Мұндай сұрақ барша адамның жүрегіне заң болып жазылған ар-ұжданның үнінен туындаса керек. Шәкәрімнің ар білімінің тағы бір маңызды қыры оның 1912 жылы «Айқап»

газетіне жариялаған «Білімділерге бес сауал» деген еңбегінде көрінеді. Онда ол ұжданының үнінен туындап, ішкі жан дүниесінде төңкеріс жасаған, ұзақ уақыт бойы жауабын іздеген ғылым-білім, ар-ұждан және дін туралы сұрақтарын қояды. Ол бес сауал мыналар еді:

- Алланың адамды жаратқандағы мақсұты не?

- Адамға тіршіліктің ең керегі не үшін?

- Адамға өлген соң мейлі не жөнмен болсын, рахат-бейнет (сауап-азап) бар ма?

- Ең жақсы адам не қылған кісі?

- Заман өткен сайын адамдардың адамшылығы түзелуде ме, бұзылып бара жатыр ма?

Бұл сұрақтар, біріншіден, Шәкәрім ұстанымының биіктігін көрсетсе, екіншіден, Шәкәрімнің ғылым, білім және дінді біртұтас деп ұғатынын көреміз. Сонымен қатар ең маңыздысы адам арының мақсаты шын мәнінде осындай біртұтас және биік болатындығын, ол жалаң дүниелік халде қалмай, руханиланған, тазарған тұста кемелдене түсетіндігін де көре аламыз. Демек, дінді ар білімінің маңызды ажырамас бөлігі деп айта аламыз. Енді біз осындай үлкен ұғым болып есептелетін ар білімінің жалпы дінтану ғылымындағы орнын саралап көрейік.

Бүгінде дінтану ғылымында діни жаһандану және модернизация деген жаңа ұғым бар. Бұл ұғымның әлемдік саясаты әртүрлі діни мәдениеттерге қарата ықпалын жүргізіп отырғанын көреміз. Нәтижеде көптеген жаңа жағдайға дөп келіп отырғанымыз да жасырын емес. Жақында осы жайлы оқыған бір мақалада жаһанданудың жаңа формалары мен дін жағдайларына жақсы баға беріліпті. Жаһандану деген үлкен үрдіс әлемнің әртүрлі аймақтарында, әртүр-

лі деңгейдегі қактығыстарды туғызды және оған қарата саяси іс-шаралардың толықтай нәтижесі болмағандықтан, осы бостықты дін толтыруы керек болды дейді автор (Кома, 134).

Сонда ол бостықты дін өзінің қандай функцияларымен толтыра алады деген сұрақ туындайды. Мақаладан түсінгенім бойынша, жаһанданудың жағымсыз әсері себебінен әлемде әртүрлі діни қозғалыстардың қалыптаса бастағандығын, сондай-ақ олардың әртүрлі мақсатта қарқынды жұмыс істеп жатқанын нақты мысалдармен атап өтеді. Мысалы, АҚШ-тағы жаңа діни құқық Батыстың әуелгі гегемониясын қалпына келтіруге тырысса, ислам әлеміндегі қозғалыстар модернизациялануды батыстанудан ажыратуға тырысуда екен. Әрине, бұл көзқарасты түбегейлі жақтаудан, бір жақтылы пікірден аулақпыз, бұл жерде мәселенің байыбына бару, жан-жақты саралау маңызды, автор да ешқандай біржақтылы көзқарас ұстанбаған. Демек, біз жаһандануды түбегейлі терістей алмаймыз және оны әлемдік өркениетті қалыптастырудың жылғыз жолы деп те айта алмаймыз. Себебі жаһандану мінсіз құбылыс емес. Мұнымен не айтқым келді, әлемдік жаһандану дегенде бірден батыстық жүйе есімізге оралары сөзсіз. Ал батыстық үлгілердің барлық мәдениетке, адамға сай келе беруі екіталай. Мәдениетті құраушы адам болғандықтан оның жеке танымы, ар-ұжданы рөл атқармай қоймайды. Яғни әркімнің ішкі құндылығы бар, оған өзгенің өнегесі өріс емес, керісінше көлеңке түсіруі мүмкін. Ал кейде надандықтың себебінен ақыл көрген көрегендікті көрмей, бірден қарсы келіп жататындар да жоқ емес. Мұны Шәкәрім өзінің «Үш анық» трактатында өте ауқымды талдайды. Батыстық ғылым мен авторларға өз танымы бойынша баға беріп сынайды.

Адам ғылымды, білімді және дінді табу-да басында айтқанымыздай ар мен ақылдың жөніне жүгінсе қателеспейді. Сондықтан да әлемдік өріс алған жаһандық үлгілерді саралап-екшеп алу – ардың ісі. Әрине, адам соған талпынса. Шәкәрімше айтқанда, анығын алып, танығын тастау арқылы қоғамның ондағы дін мен мәдениеттің дұрыс өркендеуіне өріс ашуға болады. Әйтпегенде жоғарыда айтқанымыздай өзгенің танық мәдениетін таңсық көріп, ақылына салмай ала беріп, соңында қаншама нашар нәтижелердің жемтігіне айналған көріністерді көп кездестіре-ріміз сөзсіз. Немесе өз ақылым өзіме деп ескілік ойдан шыға алмай даму, өсу дегеннен дара қалып, басқаша бағыт беретін кейбір жаңа діни және саяси қозғалыстарға да куә болып отырмыз. Дінтану саласындағы жаңа діни қозғалыстар мен фундаменталистік қозғалыстар – осының дәлелі.

«Шын залымға берме ғылым, ол алар да жоқ қылар. Қаруым дер, кісі атып жер, ол ғылымды айла етер», – дейді Шәкәрім (Құдайбердіұлы, 95). Дінтану ғылымы да басқа ғылымдар сияқты әр уақыт даму, өзгеру сатысында болары сөзсіз. Шәкәрім заманындағы залым ғылым танығыштар мен дін танығыштарды сынады, олардың қоғамға, адамға әкелер зиянын өзінің терең философиялық ойларымен ортаға салып отырды. Дін мен ғылымдағы ондай айлалы арсыз көріністер бүгінгі күні де көптеп кездесуде және кездесе де бермек. Себебі қоғамның дамуы ешқашан мінсіз болмайды. Ал шын мәніндегі дін мен ғылымның мақсаты – руханиланған арлы адам жасап шығару. Сондықтан да Шәкәрімнің ар ілімі бұл салада білім сүйгіш, ғылым сүйгіш, өзінің әр ісі үшін ары алдында жауап бере алатын ұждан-ды ұл мен қызды тәрбиелеуде, дінтану-лық маңызды мәселелерді шешуде орта-

лық болу керек деп ойлаймын. Себебі ар білімі араласып шешілген әр мәселе мейлі ол дін болсын, ғылым болсын әділетті, ешкімнің жеке пайдасын көздемейтін, керісінше жалпы адамзаттың игілігі үшін құрылатын ғылым болары сөзсіз.

Қорытынды және тұжырымдама

Қорыта айтқанда, Шәкәрімнің «Ар ілімі» концепциясы бір өзінің терең философиялық әлемін көрсетіп қалмай, жалпы адамзаттың біртұтас болмысын береді. Себебі адамның ақылы, ары, санасы, бәрі – бір-бірімен онтологиялық тұрғыда байланысты дүниелер. Яғни адамдағы ар болмысы өзінің бар екенін паш ету үшін адамдағы басқа болмыстармен байланысуы, мағыналық тұрғыда бірігуі керек. Сондықтан да адамның таным процесінде ақыл мен ар бірге жүреді дейміз. Ардың қатысуынсыз қалыптасқан ақыл адамды айуандық халге түсіруі немесе өз болмысын ұмыттыруы мүмкін. Осы шындықты негізге алатын логотерапия ғылымы адам өмірінің негізгі қозғаушы күші өмірінен мән іздеу мен соны жүзеге асыру дейді. Мұндағы мәнді Шәкәрім ар болмысының алдында әрбір адамның саналы түрде өзіне жауапкершілік ала білуі керек екендігімен көрсетеді. Бұл мәнділікті сезініп, ұға бастағанда адам болмысының шынайы сырлары да ашыла түспек. Яғни мен кімін, мені жаратқан біреу бар ма, жаратуының мақсаты не, өмір сүруімнің мақ-

саты не деген сұрақтар мазалайды және осыған жауап іздейді. Таза ақыл мен ар мұндай сұрақтардың жауабын таным таразысына салмай негізсіз, таяз ойларға оп-оңай көне қоймайды. Керісінше бәрін жоғарыдағы сұрақтар негізінде ақыл таразысымен тексеріп-тергейді. Осының керісін ұстанатын бүгінгі кейбір өздерін дін адамы деп есептейтіндер діни догмаларға көзсіз сеніп, діни фанатизмге бейімделуде. Олар ақыл күшін қолдану дін догмасын әлсіретеді деп есептесе керек, ал шын мәнінде бұл құдайдың өзіне берген ақыл, сана, ар-ұждан деген болмысын пайдаланбай, жауапкершіліктен бас тарту болып есептелінбек. Шәкәрім шығармашылығының шындығы – осы. Ол үшін қашан да эпистемология құралы өзінің ақылы болды.

Бастағы көз, құлаққа сенімім жоқ,
Терең ой мен ақылға айтамын дат.
Пайғамбар, әулие айтты десе-дағы,
Ақыл қабыл алмаса, ол маған жат.
Шатақ дінге, әдетке не білгішке
Ноқталатпай ойымды қылам азат.
«Ақылға билетпеген пенде – айуан»,

Десем де бола қоймас сөзім ағат
(Құдайбердіұлы, 41). Шәкәрімнің осындай позициясы мен терең философиялық «Ар ілімі» концепциясы бүгінгі дінтану ғылымында дұрыс таным түсінігі қалыптасқан кез келген дін мен сенім ортасында дұрыс диалог құра алатын өркениетті адам қалыптастыруда құнды құрал болмақ.

Әдебиеттер

1. Құдайбердіұлы Ш. (2018). Үш анық. – Астана, – 31.
2. Әбдірасылова Г. З. (1998). Шәкәрім Құдайбердіұлы философиясындағы адам мәселесі. Философия ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: 09.00.03. – Алматы, – 56 б.
3. Айтбаева А. (1997). Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығындағы діни және дүниетанымдық мәселелер. Философия ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, – 30 - 60 б.

4. Рақымжанов Б. (2005). Шәкәрім Құдайбердіұлының дүниетанымына тарихи- философиялық талдау. Философия ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: 09.00.03. – Алматы.

5. Жетибаев Е.Ж. (2009). Шәкәрім дүниетанымындағы рухани құндылықтар мәселесі. Философия ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: 09.00.13. – Алматы.

6. Иерей С.Д. (2012). Феномен совести в православном богословии и русской религиозно-философской традиции. Диссертации на соискание ученой степени кандидата богословия. – Сергиев Посад, 2012

7. Ғарифолла Е. (2008). «Адам-зат». Философиялық эсселер кітабы. – Астана.

8. Епископ Александр (Милеант). <https://www.pravoslavnaya-biblioteka.ru/>

9. Кемел М. (2010). Шәкәрімнің ар ілімі. – Астана. – 108 б.

10. Кома Ю.И. Глобализация и религия (Реферативный обзор)

11. Құдайбердіұлы Ш. (2021). Сыр сөз. – Алматы, 2021. – 95.

12. Құдайбердіұлы Ш. (2000). Иманым. – Алматы, – 41.

References

1. Qudayberdiuli Sh. (2018). Ush aniq. – Astana, – 31 b.

2. Abdirasilova G.Z. (1998). Shakarim Qudayberdiuli filosofiyasindagi adam мәселеси. Filosofiya gılimınıń kandidatı gılimi darejesin alu ushin dayındalğan dissertaciya: 09.00.03. – Almatı, – 56.

3. Aytbaeva A. (1997). Shakarim Qudayberdiulinin shıgarmashılıgındagi dini jäne dunietanımdıq мәseleler. Filosofiya gılimdarınıń kandidatı gılimi дәrejesin alu ushin dayındalğan dissertaciya. – Almatı, – 30-60 b.

4. Raqımjıanov B. (2005). Shakarim Qudayberdiulinin dunietanımina tarixi- filosofiyalıq taldaı. Filosofiya gılimdarınıń kandidatı gılimi darejesin alu ushin dayındalğan dissertaciya: 09.00.03. – Almatı.

5. Jetibaev E.J. (2009). Shakarim dunietanımdagi ruhani qundılıqtar мәселеси. Filosofiya gılimdarının kandidatı gılimi дәrejesin alu ushin dayındalğan dissertaciya: 09.00.13. – Almatı,.

6. Ierey S.D. (2012). Fenomen sovesti v pravoslavnom bogoslovii i russkoy religiozno-filosofskoy tradicii. Dissertacii na soiskanie uchenoy stepeni kandidata bogosloviya. – Sergiev Posad, 2012.

7. Garifolla E. (2008). «Adam-zat». Filosofiyalıq esseler kitabı. – Astana.

8. Aleksandr E. (Mileant). <https://www.pravoslavnaya-biblioteka.ru/>

9. Kemel M. (2010). Shakarimnin ar ilimi. – Astana. – 108.

10. Koma Yu.I. Globalizaciya i religiya (Referativnyy obzor).

11. Qudayberdiuli Sh. (2021). Sır soz. – Almatı. – 95 b.

12. Qudayberdiuli Sh. (2000). Imanım. – Almatı. – 41 b.

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

ДІНИ (ИСЛАМИ) МӘТІНДЕРГЕ ТІЛДІК, СЕМАНТИКАЛЫҚ,
МОРФОЛОГИЯЛЫҚ, СТИЛИСТИКАЛЫҚ, ГЕРМЕНЕВТИКАЛЫҚ
ТАЛДАУЛАР, ТІЛДІК ИНТЕРПРЕТАЦИЯ, БАБАЛАР МҰРАСЫНДАҒЫ
ТІЛДІК ДІНИ ҚАБАТ, ДІНИ ӘДЕБИЕТ ЖАНРЫ, ДІНИ САНАНЫҢ ТІЛ МЕН
ӘДЕБИЕТТЕГІ КӨРІНІСТЕРІ

بحوث في اللغة والأدب

التحليلات اللغوية والدلالية والصرفية والأسلوبية والتأويلية للنصوص الدينية (الإسلامية)،
التفسير اللغوي، الطبقة اللغوية الدينية في تراث الأجداد، نوع الأدب الديني،
مظاهر الوعي الديني في اللغة والأدب

RESEARCH IN LANGUAGE AND LITERATURE

LINGUISTIC, SEMANTIC, MORPHOLOGICAL, STYLISTIC, HERMENEUTIC
ANALYZES OF RELIGIOUS (ISLAMIC) TEXTS, LINGUISTIC INTERPRETA-
TION, LANGUAGE-RELIGIOUS LAYER IN THE HERITAGE OF ANCESTORS,
GENRE OF RELIGIOUS LITERATURE, MANIFESTATIONS OF RELIGIOUS
CONSCIOUSNESS IN LANGUAGE AND LITERATURE

ИССЛЕДОВАНИЯ В ОБЛАСТИ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

ЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ, СЕМАНТИЧЕСКИЙ, МОРФОЛОГИЧЕСКИЙ,
СТИЛИСТИЧЕСКИЙ И ГЕРМЕНЕВТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ (ИСЛАМСКИХ)
РЕЛИГИОЗНЫХ ТЕКСТОВ, ЛИНГВИСТИЧЕСКАЯ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ,
РЕЛИГИОЗНО-ЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ СЛОЙ В НАСЛЕДИИ ПРЕДКОВ,
ЖАНР РЕЛИГИОЗНОЙ ЛИТЕРАТУРЫ, ПРОЯВЛЕНИЯ РЕЛИГИОЗНОГО
СОЗНАНИЯ В ЯЗЫКЕ И ЛИТЕРАТУРЕ

FTAMP/SRSTI/GPHTI 16.21.61

<https://orcid.org/0000-0002-5739-2274>
e-mail: ulbala.alzhanbaeva@gmail.com
<https://orcid.org/0000-0003-2709-277X>
guldarhan@inbox.ru

ТҮРКІ ЖӘНЕ АРАБ ЕЛДЕРІНІҢ ТІЛДІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

Алжанбаева Ұлбала
PhD, ғылым кандидаты
қауымдастырылған профессор
Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті
университеті,
Алматы қ., Қазақстан

Рысбаева Гүлдархан Калиевна
PhD, профессор
Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті
университеті
Алматы қ., Қазақстан

العلاقات اللغوية بين الدول التركية والعربية

ألجانباييفا أول بلا
دكتوراه في العلوم، أستاذ مساعد
الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية نور مبارك
ألماتي، كازاخستان

ريسبايفا جولدارхан كاليفна
دكتور في الفلسفة، أستاذ
الجامعة المصرية للثقافة الإسلامية نور مبارك
ألماتي، كازاخستان

LINGUISTIC RELATIONS BETWEEN TURKIC AND ARAB COUNTRIES

Alzhanbaeva Ulbala
PhD, Associate Professor
Egyptian University of Islamic Culture
Nur-Mubarak,
Almaty, Kazakhstan

Rysbaeva Guldarkhan Kalievna
PhD, Professor
Egyptian University of Islamic Culture
Nur-Mubarak,
Almaty, Kazakhstan

ЯЗЫКОВЫЕ ОТНОШЕНИЯ МЕЖДУ ТЮРКСКИМИ И АРАБСКИМИ СТРАНАМИ

Алжанбаева Улбала
PhD, кандидат наук, доцент
Египетский университет
исламской культуры Нур-Мубарак
г. Алматы, Казахстан

Рысбаева Гүлдархан Калиевна
PhD, профессор
Египетский университет
исламской культуры Нур-Мубарак
г. Алматы, Казахстан

Аңдатпа. Түркі әлемінде шығыс тілдері мен мәдениетіне деген қызығушылық қай кезде де болғаны анық және қазіргі кезеңге дейін бәсеңдеген емес. Бұл мәселені зерттеу әлі де жалғасын таба бермек. Алайда түркі халықтарының да тілі мен мәдениетінің шығыс елдеріне тигізген ықпалы аз болған жоқ. Демек, мәселенің екінші қыры аз зерттелген, тіпті қазіргі ғылыми парадигмалар тұрғысынан зерттелмеген десе де болады.

Ендігі жерде тілдік және мәдени қарым-қатынастың бір жақты болмайтынын, екі жаққа да әсері болатынын дәлелдеудің, түркілердің өздерінде сақталмаған байырғы элементтерді өзге шығыс тілдерінен іздеудің қажеттігі туды.

Түйін сөздер: түркі әлемі, шығыс мәдениеті, арабтар мен парсылар, мәдени-тарихи байланыс, түркітану, түркизм.

الملخص: من الواضح أنَّ الاهتمام باللُّغات والثقافات الشرقيَّة كان دائماً حاضراً في العالم التركيِّ ولم تضعف حتَّى اليوم. ولا يزال هذا الموضوع موضع اهتمام الباحثين. ومع ذلك، فإنَّ تأثير لغة وثقافة الشعوب التركيَّة على بلدان الشرق لم يكن ضئيلاً. وبالتالي، فإنَّ الجانب الآخر من القضية لم يُبحث بشكل كافٍ، بل يمكن القول إنَّه لم يُدرس بعد وفقاً للمنظورات العلميَّة الحديثة. لقد أصبح من الضَّروريِّ الآن إثبات أنَّ العلاقات اللُّغويَّة والثقافيَّة ليست أحاديَّة الجانب، بل لها تأثير متبادل. كما بات من المهمِّ البحث عن العناصر القديمة الَّتِي لم تعد موجودة في الثقافات التركيَّة الحاليَّة ضمن اللُّغات الشرقيَّة الأخرى.

الكلمات المفتاحية: العالم التركي، الثقافة الشرقيَّة، العرب والفرس، العلاقات الثقافيَّة والتَّاريخيَّة، الدِّراسات التركيَّة، التُّركيِّك.

Abstract. It is clear that the interest in Eastern languages and cultures in the Turkic world has always existed and has not diminished to this day. The study of this issue will continue. However, the language and culture of the Turkic peoples also had a significant impact on the eastern countries. Thus, the second aspect of the problem is poorly understood, even in the context of modern scientific paradigms. Now there is a need to prove that linguistic and cultural relations are not one-sided, but to influence both sides, and to look for ancient elements in other Eastern languages, which are not preserved in the Turks themselves.

Keywords: turkic world, eastern culture, arabs and persians, cultural and historical ties, turkology, turkism.

Аннотация. Интерес к восточным языкам и культурам в тюркском мире существовал всегда и не ослабел до сегодняшнего дня. Исследование этого вопроса продолжается. Однако язык и культура тюркских народов также оказали немалое влияние на страны Востока. Таким образом, вторая сторона этого вопроса недостаточно изучена и, можно сказать, не исследована с точки зрения современных научных парадигм.

Теперь необходимо доказать, что языковые и культурные связи не являются односторонними и оказывают влияние на обе стороны. Также возникла необходимость искать древние элементы, не сохранившиеся у самих тюрков, в других восточных языках.

Ключевые слова: тюркский мир, восточная культура, арабы и персы, культурно-исторические связи, тюркология, тюркизм.

Кіріспе

Тілдік өзгерістердің нақты себептері зерттеушілерді баяғыдан-ақ қызықтырып келеді. Осы күнге дейін тіл теориясында бұл сала ең күрделі, қарама-қайшылығы мол мәселелердің қатарына жатады. Осы бір қиын түйінді шешуде тілдік өзгерістер себептерін ішкі және сыртқы себептер деп бөлу маңызды қадам болды.

Тілде тілдік жүйе элементтерінің өзара әсерінен немесе сөйлеушінің санасы мен еркінен тыс тілдік ішкі үдерістер нәтижесінде алуан түрлі өзгерістер болып жатады. Мұндайда тіл дамуының ішкі факторлары іске қосылады. Бірақ кейде тілдік өзгерістерге халықтың тілінен тыс себептер де, әлеуметтік қарым-қатынастар, экономика мен мәдениеттің дамуы, т.б. түрткі болды. Мұндай факторлар сыртқы факторлар деп аталады.

Тілдік өзгерістерге себеп болатын осындай факторлардың бірі – бір тілдің өзге тілмен қарым-қатынасқа түсуі. Тілдердің өзара қарым-қатынасы – лингвистикалық, психологиялық, әлеуметтік, этнотарихи, т.б. факторларға байланысты құбылыс.

Тіл әдетте қоғам өмірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын көрсетеді. Тілдің өзі, сондай-ақ онымен байланысты коммуникативтік қатынастар сол уақытқа дейін болған жағдайлар мен оқиғалардан келіп шығады және өз бойында болашақ дамудың элементтерін сақтайды. Әрбір қоғамдық-экономикалық формацияға тілдік тоғысулар мен олардың өзара бір-біріне әсері, тілдердің қатар өмір сүру формалары, көстілділік және көптілділік сияқты ерекше жағдайлар тән. Сондықтан тілдік қарым-қатынас заңдылықтарын нақты әлеуметтік-тарихи контексте зерттеу қажет.

Әдістеме. Бұл мақалада зерттеу материалы ретінде араб тіліне енген түркі

сөздері қарастырылды. Олар Баранов Х.К. Арабско-русский словарь. – М., 1970, Арабско-русский словарь сирийского диалекта. – М., 1978, English arabik manual for self Studu. – Caigo, Коршунова Я.Б., Шахбаз А.С. Арабско-русский учебный разговорник. – М., 1983., Ал-Джабарти Абд ар-Рахман. Египет под властью Мухаммада Али (1806-1821). – М., 1963, Ондасынов Н.Д. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: Мектеп, 1984, Гордлевский В.А. Избранные сочинения. – М., 1961, Пумпян Г.З. Отражение русских и украинских реалий в «Путешествии патриарха Макария Антиохийского». В сборнике статей «Россия и арабский мир». – Санкт-Петербург, 1991 сияқты араб тілінің түсіндірме сөздіктерінен, екі тілді арабша-қазақша, арабша-орысша, арабша-ағылшынша сөздіктерден, араб тілінің диалектілер сөздігінен және түрлі әдеби кітаптардан алынды.

Салыстырмалы-тарихи, әлеуметтік лингвистика, этнолингвистика, когнитивтік лингвистика, компаративистика, диахрондық, синхрондық зерттеу әдістері қолданылды.

Талқылаулар мен нәтижелер. Тілдер өзара қарым-қатынас жасай отырып, бірін-бірі байытады. Бұл үдерісті зерттеу тілдер дамуының заңдылықтарын ашуға, олардың құрылыс ерекшеліктері мен болашақта тілдер дамуының келешегін анықтауға мүмкіндік береді.

Тілдік қарым-қатынас туралы ғалымдар түрліше пікір айтады. Мысалы, Ю.Д. Дешериев «тілдік қарым-қатынас» дегенді екі немесе одан да көп тілдің немесе диалектінің бір-біріне ықпалы, бір-біріне енуі, бір тілдің өзге тілдерден түрлі тілдік фактілерді қабылдауы, сондай-ақ түрлі кезеңде болған тілдік қарым-қатынас нәтижесі деп түсінеді (Дешериев, 1966: 98).

Ал В.Ю. Розенцвейг «тілдер қарым-қатынасы және тілдердің өзара ықпалы» және «тілдік тоғысу» ұғымдарын тең қояды (Розенцвейг, 1963: 59). Бұл пікірге Е.М. Верещагин де қосылады. Ол «тілдердің өзара ықпалы», «тілдік қарым-қатынас», «тілаларлық тоғысу», «тілдердің өзара қарым-қатынасы» сияқты терминдерді синонимдер деп санайды (Верещагин, 1969: 55-56).

Т.П. Ильяшенко: «Тілдік қарым-қатынас дегеніміз – тілдік тоғысудың нәтижесі», – деген пікір айтады (Ильяшенко, 1970: 29).

Тіл білімінде тілдік тоғысу терминін алғаш қолданған А. Мартине болды. Бұл термин У. Вайнрайхтың «Языковые контакты» атты кітабы жарыққа шыққаннан кейін кең етек алды.

Орыс тіл білімінде бұл мәселемен И.А. Бодуэн де Куртенэ, Л.В. Щерба, Е.Д. Поливанов, Л.И. Баранникова, Б.А. Серебрянников, т.б. ғалымдар айналысты.

Қазақстанда бұл тақырыпқа қалам тартқан ғалымдар – А.К. Ақбердина, Р.М. Бутина, А.Е. Карлинский және т.б.

У. Вайнрайх тілдік тоғысулар биллингвизм, яғни кәсіптік тілдік жағдайында болады десе (Вайнрайх, 1979: 9), ал Т.П. Ильяшенко тілдік тоғысудың аясын бұлай тарылтуға болмайтынын, тілдік тоғысулар, яғни тілдік қарым-қатынас тек кәсіптік тілдік негізінде ғана емес, сондай-ақ әдебиеттер, көркем және аударма әдебиеттер арасындағы қарым-қатынастар негізінде де болатынын айтады.

Тілдік қарым-қатынас әртүрлі жағдайда бола береді. Құрылысы жағынан бірдей туысқан тілдер немесе құрылысы басқа өзге тілдер арасында да тілдік қарым-қатынас орнауы мүмкін.

Тілдер қарым-қатынасы кезіндегі маңызды үдеріс – әдебиеттерде дәстүр бойынша кірме сөздер деп аталатын бөтен тілдік элементтердің бір-біріне

енуі. Сөз ауысу сөйлеу мәдениеті, тілдік норма мәселелері қатарынан маңызды орын алады. Бір тілден екінші тілге енген кірме сөздерді әдетте екі топқа бөледі. Біріншісі – ассимиляцияға ұшыраған сөздер, екіншісі – ассимиляцияға ұшырамаған сөздер. Бірінші топты атауда «кірме сөздер» (заимствование) деген термин қолданылса, екінші топты «шетелдік сөздер» (иностранные слова) деп атау орын алған.

Кірме сөздер – тарихшы үшін халықтың өткен өмірдегі мәдениетін, экономикасын, тарихының кейбір тұсын толық әрі тереңірек ашып көрсететін құнды материал. Олар бір халықтың екінші бір халықпен қарым-қатынасы қандай болғанын анықтауға мүмкіндік береді.

Шартты түрде культурологиялық аспект деп аталған бұл аспектіден басқа тілдік аспект те бар. Бұл аспектіде кірме сөздер мәселесінің маңызды деп саналатынының басты себебі – оның тілдің сөздік қорын байыту арқылы тілді жетілдірудің басты тетігі деп саналуында. Кірме сөздер – тіл құрылысын әрі қарай дамытушы факторлардың бірі.

Әрбір нақты тілдің лексикасы сол тілде сөйлеуші халықтың өмір салтының тікелей көрсеткіші. Халықтың шаруашылық, экономикалық, ғылыми және мәдени өмірін және олардың дамуын көрсете алмайтын грамматика мен фонетикадан оның басты айырмашылығы осында.

Фонетикалық немесе грамматикалық жүйелерге қарағанда құрылысы жағынан лексика жүйесі – ауысулар үшін ең ыңғайлы сала. Сондықтан лексикалық ауысулар себептерін зерттеу барысында, алдымен, сөйлеушіні өз тіліне бөтен тілдің сөздерін қабылдауға мәжбүр ететін себеп не екенін білу қажет.

Н.А. Козина мен Т.В. Лигута сөйлеушінің өз тіліне басқа тіл элемент-

терін қосып сөйлеуінің себептерін былай түсіндіреді:

1. өз сөйлеу тілін ерекшелеу, өзгеге ұқсамауға тырысу;

2. шетелдік сөздерді қолданып сөйлеу, сол бөтен тілді меңгерудің бір кезеңі деп танылуы;

3. сөздер ағынында бір сөзді бөліп, ерекшелеп көрсету, соған көңіл аударуға ұмтылу;

4. шетелдік сөзді өз тілінің сөзіне қарағанда әлдеқайда көркем, айшықты деп санауы;

5. тілде бөтен сөздің кең қолданылуы, көп таралуы;

6. өз тілінде лайықты балама болмауы немесе лезде ондай баламаны таба қоюдың қиындығы (6, 36-6.).

Көріп отырғанымыздай, бөтен сөздерді қолданудың бірқатар лингвистикалық және психологиялық себептері бар екен. Бөтен сөзді қолдану – коммуникацияның белгілі бір қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тілдік нормадан саналы түрде ауытқу.

Кірме сөздер неліктен пайда болды? Бұл құбылыс әртүрлі халықтың қарым-қатынасы кезінде пайда болатын жаңа ұғымдар мен заттарды атау үшін қажет деп түсіндіріледі. Бұл көп жағдайда шындыққа сай келеді. Жиі қабылданып отырған сөздер қатарына географиялық атаулар, адам есімдері, азық-түлік, өсімдік, жан-жануар атаулары, т.б., яғни сөз алынып отырған халықтың өмір-салтын көрсететін сөздер жатады.

Кірме сөздер дене мүшелеріне де қатысты болуы мүмкін. Сөз қабылдау үдерісінің өзіне келетін болсақ, зерттеушілер, бөтен сөзді қабылдаушының қабылданып отырған тілді білуі міндетті емес екенін айтады. Лексикада кірме сөздердің өте мол болуының себебі осы деп түсіндіріледі.

Тілдік қарым-қатынасты ұлғайтуда екі тілді қатар меңгерген адамның да рөлі зор.

Бір тілде ғана сөйлейтін адам сөздік қорын толықтыруда тек өз халқының лексикалық материалдарына және өзінен бұрын қолданылған кірме сөздерге сүйенсе, екі тіл білетін адамның лексикалық инновациясының тұрақты көзі ретінде тағы бір тіл тұрады. Екі тілде сөйлейтін адамның өз сөздік қорын толықтыру қажеттілігінің себептері: 1) зиянды омонимияның болуы; 2) синонимді қажетсінуі; 3) белгілі бір ұғымды атау үшін жеңіл әрі жиі айтылатын сөздің болмауы; 4) сыртқы әлеуметтік-мәдени себептер. Соған орай екі тілде сөйлейтін адам бір тілде сөйлейтін адамға қарағанда жаңа заттардың бөтен тілдегі атауларын қабылдауға бейім тұрады, өйткені жаңа мәдениетпен танысу жаңа сөздермен танысуға себеп болады.

Егер басқа тілдің әлеуметтік маңызы күшті болса, онда адам сол тілден ауысқан сөздерді қолдануға тырысады, сол тілді білу арқылы өзінің белгілі бір әлеуметтік статусқа ие екендігін көрсеткісі келеді. Мысалы, кезінде араб зиялыларының арасында түрік тілін білудің өзі биік мәдениеттің, зор білімпаздықтың белгісі болған. Арабтарда «Түрікше білмеген – Алладан қорықпаған» деген мәтел сөз де болған (Рүстемов, 19812: 11).

Тілдің неліктен бөтен сөздермен толығынын, оның себебін В.А. Гордлевскийдің сөзінен байқауға болады. Көп білетіндігін көрсеткісі келген саудагер сатып алушыларды түріктің «бирун» (пожалуйте) «буйырың» сөзімен шақырады.

Ал түрік тағамын жақсы көретін кейбір шенеуніктер араб тілін түрік тағамдарының атымен байытты. Мысалы, «йабрак» – жүзім жапырағына орап пісірген ет пен күріш. Тіпті ас да

ярлаушыны да олар түрікше «асши» деп атайды.

Ал шенеуніктердің әйелдері үй тұрмысына қажетті сөздерді айтып, таратып жүрді.

Кеңселерде баяу ойлайтын, кейбір сөздерді аударып әуре болып жатпай-ақ Ыстанбұл кеңселерінің дайын штамп-ымен жаза беретін шенеуніктер отырды. Барлық лауазым аты Түркияның кеңсе қағаздарында жазылуы бойынша аталды.

Бір қарағанда түкке тұрмайтын факт – моданың өзі де тілді байқаусыз-ақ қажетсіз, артық неологизмдермен толтырып жіберуі мүмкін. Бір кездерде Константинопольда болған қарт арабтың Дамаскіде өз сөзіне түрік сөздерін қосып сөйлеп мақтанып тұрғаны есімде. Мысырда қызметші өз қожасына «Әпендім» деп қана сөйлейтін болған (8, 145-б.).

Өз тілінде сол ұғымдардың атауы бола тұрса да бөтен атаумен атау өмірдің әр саласына орын алған.

Лексикалық ауысулар көбінде не аса қажет болған кезде, не қабылдаушы халық басқа тілге өте-мөте қызыққан кезде болатынын айттық. Бірақ жаңа заттарды атау үдерісіндегі сөздіктің бірдей еместігі лексикалық инновацияның жалғыз көзі емес. Бұл үдеріске, сондай-ақ тілдің бірқатар ішкі факторлары да әсер етеді. Олардың бірі – сөздің күнделікті сөйлеу тілінде жиі кездеспейтіндігі. Жиі қолданылатын сөз еске тез түседі, сондықтан тілден берік орын алады. Ал жиі қолданылмайтын сөз ұмытылуға бейім болады да, оның орнына басқа тілден алынған, айтуға жеңіл сөздер көп қолданылады. Мысалы, араб тіліндегі *ра исиййун* – «главный» сөзінің орнына түркінің *бас* сөзі көп қолданылады. Мысалы, *башиджауиш* – басшәуіш, *башимухандис* – башинженер, *баштамурджий* – аға санитар, т.б.

Лексикалық ауысуларға себеп болатын тілдік ішкі факторлардың екіншісі – тілде зиянды омонимияның болуы. Мысалы, *лаухун* сөзі тақта, терезе, пластинка, плакат деген сөздерді білдіреді. Түсінікті болуы үшін ол сөзге анықтауыш сөз қосып айтуға мәжбүр болады. *Жазу тақта-сы* деп айту үшін тақта сөзіне жазу сөзін қосып жазу керек болды, сондықтан арабтар түркінің тақта сөзін пайдаланған.

Қажеттіліктен ауысқан сөздер негізінен сол ауысқан тілде жоқ жаңа заттар мен ұғымдарды білдіретін болып келеді. Мысалы, *бастарматун* – сүрленген ет деген сөз. Араб елінде мал аз өсіріледі, ал күннің ыстығына байланысты етті сүрлемейді. Сүр ет – арабтар үшін жаңа ұғым. *Қауурма* – қуырма, қуырдақ сөзі араб еліне даласы кең, малы көп түркі елінен келген жаңа тағамның атауы ретінде енген.

Алайда сөздердің ену жайы әрқашан бұлай бола бермейді. Кірме сөздердің өзімен бірге жаңа ұғымдарды ала келуі әр уақытта шарт емес. Кейде олар қабылдаушы тілде біртектес ұғымды білдіретін сөздермен бірге қатар өмір сүреді. Мұндай жағдайда кірме сөз бен төл сөз өзара синонимдік қатынасқа түседі.

Синонимдік қатарды құраушы сөздер бір-бірімен мағыналық жақтан жақын, өзара мәндес болуымен бірге, барлығының бір сөз табына қатысты сөздерден жасалуы шарт. Белгілі бір синонимдік қатардың жасалуы үшін оның құрамына енетін сөздердің барлығы да не бірыңғай зат есім сөздерден, не бірыңғай сын есім сөздерден немесе бірыңғай етістік сөздерден болуы керек. Синонимдік қатарлар әр сөз табының құрамында кездеседі.

Әдетте тіл-тілде мағыналары жағынан бір-біріне тепе-тең синонимдер кездеспейді, ал егер кездесе қалса, өте сирек ұшырасады. Синонимдес сөздер өзара мәндес сөздер болғанымен,

олардың мағыналық жақтан қалай да бір айырмашылығы бар. Синонимдес сөздердің өзара мағыналық жақындығын айқындаудан гөрі олардың бір-бірінен мағыналық айырмашылығын айқындау әлдеқайда күрделі. Бұлай болатындығы мынадан: синонимдес сөздердің бір-бірінен мағыналық жақтан айырмашылығы көбінесе сәл ғана нәзік айырмашылық түрінде болады да, мұның өзі бірден ашық-айқын аңғарыла бермейді. Бұл – бір. Екіншіден, синонимдес сөздердің бір-бірінен өзара айырмашылығы қолданылу ыңғайына қатысты стильдік айырмашылық түрінде ғана болуы мүмкін. Синонимдес сөздердің мұндай белгілері стильде түрлендіре ажыратылып айтылады.

Жоғарыда айтылғандай, түркі тілдерінен араб тіліне енген сөздер де сол тілдің байырғы сөздерімен мәндес келіп, соның нәтижесінде синонимдер жасалады. Мысалы, балтатун – фаъсун – балта; байрақун – аламун-ту, жалау; бұрғиййун – лаулабун – бұрғы деген синонимдік қатарлардың алдыңғы сыңары – түркі сөздері. Джиййун (-шы, -ші) жұрнағының зат есімге жалғанып тудырған кәсіпті білдіретін сөздерді санамағанда, 200-ден аса түркі сөздерінің араб тілінде синонимі бар.

Зат есімнен болған синонимдер өте көп. Оны жоғарыда айттық. Сын есімнен болған синонимдер: *хулуун* – *татли* – *тәтті*; *ахмару* – *қирмизи*, (*ал*) – *қызыл*; *назифун* – *тазаһ* – *таза*; *қадим* – *иски* – *ескі*; *аъраджу* – *афсаъ* – *ақсақ*.

Етістіктерден және үстеулерден болған синонимдер өте аз. Олар: *хатама* – *басама* – *мөр басу*; *фатала* – *барама* – *бұрау*; *джауифа* – *баууаша* – *бос, қуыс болу*; *даджеджа* – *даууаша* – *шулау*, т.б.

